Е/б 102 б, Тал Сети Мұхтар, 2 эт.

№119 (21.156)
16 қазан
сенбі
2021 жыл

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Ақтөбе

1924 жылдың
7 маусымынан бастап
шығып келеді

www.aktobeqazeti.kz
aktobegazeti@mail.ru



Облыс әкімі Оңдасын ОРАЗАЛИН:

## КӨРКЕМСӨЗ МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

**«Заман зымырап өтеді, дәуір ауысады, қоғам өзгереді. Бірақ сөз, соның ішінде көркемсөз өлмейді. Қаламы жүйрік, талғамы биік қаламгерлер қауымы мәңгі жасайды», – деді облыс әкімі Оңдасын Оразалин Ақтөбеде өткен «Әдебиет. Рух. Қоғам» республикалық әдебиет форумында сөйлеген сөзінде. Биыл құтты мекенде үшінші рет өткізіліп отырған шара ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті ғимаратының «Мәңгілік ел» залында өткен әдебиет форумына ҚР Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет бастаған қаламгерлер, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Мұрағаттар және құжаттама комитетінің төрағасы Қуат Бора-

*Сонымен қатар сәл кейінірек ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Алаш қайраткерлеріне арналған «Азаттықтың ақ таңы» мемориалды кешеннің ашылуын жоспарлаудамыз. Ал бүгінгі өтіп жатқан форум аясында қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан 10 қаламгер-*

*есептейміз. «Алтын шыққан жерді белден қаз» деген бар. Осындай ұлылар туған жерден әлі талай таланттардың шығарына сенеміз,* — деді.

Шара барысында республикалық әдеби байқаудың жеңімпаздары марапатталды. Қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан қаламгерлерге Төлеген Айбергенов, Сағи Жиенбаев, Өтежан Нұрғалиев атындағы «Үздік поэзиясы үшін», Тобық Жармағамбетов, Қажығали Мұхамбетқалиұлы атындағы «Үздік прозасы үшін», Тахауи Ахтанов, Бекір Тәжібаев атындағы «Үздік драматургиясы үшін», Үмбетбай Уайдин атындағы «Үздік сатирасы үшін», Қуандық Шаңғытбаев атындағы «Үздік аудармасы үшін» және Ізтай Мәмбетов

## ҚАЛДАЯҚОВ ПЕН АЙБЕРГЕНОВКЕ ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛДЫ





**Кеше Ақтөбе қаласында даңқты композитор Шәмші Қалдаяқов пен көрнекті ақын Төлеген Айбергеновтің ескерткіштері ашылды.**

Облыс орталығындағы Ғашықтар аллеясының бойында орналасқан қос ескерткіштің Ақтөбеде қойылуы тегіннен-тегін емес. Өйткені сөз бен саз өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған екі тұлғаның да ата-бабасы осы өңірде өмір сүрген. Яғни біздің облысқа қатысы бар.

Мемлекеттік гимннің авторларының бірі, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың ой үстінде отырған бейнесін тасқа қашаған — мүсінші Жеңіс Жұбанқосов. Танымал музыка шеберінің қоладан құйылған мүсінінің биіктігі — 1,57 метр. Ал талантты ақын Төлеген Айбергеновтің ескерткіш-мүсінінің авторы — Жақсыбай Төлегенов. Соңғы аталған сәулет өнерінің жал-

*жер болғай!* — деп лебізін білдірді облыс әкімі Оңдасын Оразалин.

Одан соң сөз алған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, көрнекті ақын Ұлықбек Есдәулет:

— *Бүгін біз сәулелі сәтке куә болып тұрмыз. «Поэзия дегеніміз құлақпен еститін музыка, ал музыка — жүрекпен тыңдайтын поэзия» деп жатады. Осы орайда ұлы ақынымыз бен композиторымызға осындай әсемді ескерткіштердің бой көтеруі күллі қазақтың қуанышы дер едім.*

*30 жасқа толар-толмас шағында аққан жұлдыздай өте шыққан ақынның өлеңінің жарығы әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегін сәулелендіріп, көкірегін нұрландырып тұр. Төлеген ағамызды поэзияның падишасы десек, Шәмші аға-*